

Талдықорған қаласының Құрмет грамотасымен наградтау туралы ережесін бекіту туралы

Алматы облысы Талдықорған қалалық мәслихатының 2018 жылғы 28 наурыздағы № 169 шешімі. Алматы облысы Әділет департаментінде 2018 жылы 13 сәуірде № 4640 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 1-тармағының 12-3) тармақшасына сәйкес, Талдықорған қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Талдықорған қаласының Құрмет грамотасымен наградтау туралы ережесі осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Талдықорған қалалық мәслихатының "Жастармен жұмыс, халық денсаулығын қорғау, білім және мәдениет жөніндегі" тұрақты комиссиясына жүктелсін.

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қалалық мәслихат
сессиясының төрағасы
Қалалық мәслихат хатшысы*

*Б. Оңғарбаев
Қ. Бұлдыбаев*

Талдықорған қалалық мәслихатының "
Талдықорған қаласының Құрмет грамотасымен
наградтау туралы ережесін бекіту туралы" 2018
жылғы 28 наурыздағы № 169 шешімімен
бекітілген қосымша

Талдықорған қаласының Құрмет грамотасымен наградтау туралы ереже

Жалпы ережелер

1. Осы Талдықорған қаласының Құрмет грамотасымен наградтау туралы ереже "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленген және Талдықорған қаласының Құрмет грамотасымен наградтау тәртібін айқындайды.

2. Талдықорған қаласының Құрмет грамотасы (бұдан әрі – Құрмет грамотасы) маңызды моральдық ынталандырма, азаматтардың жемісті қызметін қоғамның мойындауын білдіру болып табылады.

3. Құрмет грамотасымен қызмет саласында кем дегенде 5 жыл қызмет өтілі бар Қазақстан Республикасының азаматтары мен шетел азаматтары экономикадағы, әлеуметтік саладағы, ғылымдағы, мәдениеттегі, білім берудегі, денсаулық сақтаудағы, әскери және мемлекеттік қызметтегі, қоғамдық, мемлекеттік, қайырымдылық қызметтегі елеулі жетістіктері үшін наградталады.

Құрмет грамотасымен наградтау тәртібі

4. Талдықорған қаласы әкіміне наградтауға ұсынысты жергілікті өкілді және атқарушы органдар, шығармашылық одақтар, еңбек ұжымдары және басқа да ұйымдар енгізеді.

5. Құрмет грамотасымен наградтау туралы қолдау хат тегін, атын, әкесінің атын (болған жағдайда), туылған күнін, жұмыс орнын (жарғылық құжаттарына сәйкес ұйымның толық атауын және қолдау хат енгізілген күндегі атқаратын лауазымының толық атауын көрсете отырып), білімі туралы мәліметтерді, еңбек қызметі туралы, наградалары мен құрметті атақтары туралы мәліметтерді көрсете отырып мемлекеттік және орыс тілдерінде рәсімделеді.

6. Дұрыс рәсімделмеген және наградтауға дейін он жұмыс күннен кем мерзімде келіп түскен қолдау хат Талдықорған қаласы әкімінің қарауына қабылданбайды.

7. Кезекті наградаға ұсыну алдыңғы наградтау күнінен бастап бес жыл өткен соң ғана мүмкін.

8. Құрмет грамотасын тапсыру салтанатты түрде жүргізіледі.

Құрмет грамотасын Талдықорған қаласы әкімі тапсырады, сондай-ақ Талдықорған қаласы әкімінің атынан және оның тапсыруы бойынша Құрмет грамотасын Талдықорған қаласы әкімі уәкілдік берген басқа да тұлғалар тапсыра алады.

9. Құрмет грамотасына Талдықорған қаласы әкімінің қолы қойылады.

10. Құжаттарды жүргізуді және есепке алуды Талдықорған қаласы әкімінің аппаратымен жүзеге асырылады.

11. Құрмет грамотасының тапсырылғаны туралы тапсыру хаттамасы жасалады, награданы тапсырған тұлғаның қолы қойылады және награданы тапсырған органның мөрімен бекітіледі және үш жұмыс күні ішінде Талдықорған қаласы әкімі аппаратына жолданады.